Kaspi Кредиттерін оңалту бағдарламасы

I. Жалпы ережелер

1. Kaspi Кредиттерін оңалту бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) баспада жарияланған үлгі (стандарт) ережелердің, соның ішінде Kaspi-дің кәсіпкерлерге несие желілерін берудің стандарт ережелерінің (бұдан әрі – Ережелер) және (немесе) Интернет желісіндегі www.kaspibank.kz немесе www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Kaspi Red картасына қызмет көрсету бойынша қосылу шарттарының аясында жасалған кредит және (немесе) кредиттік желілер беру туралы шарттар (бұдан әрі – Кредит шарттары) бойынша Kaspi берген, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізгі борыш бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аса мерзімі өткізілген берешегіне байланысты сыйақы есептеу тоқтатыла тұрған, және (немесе) бұрын ұсынылған оңалту жоспарын бұзған және (немесе) АБАЖ-да «Хардқа беру күні» белгісі бар кредиттері (бұдан әрі – Кредиттер) бар Қарыз алушылар үшін әзірленген. Егер өзгесі тікелей мәнмәтіннен келіп шықпаса, Бағдарламаның мақсаты үшін Бағдарлама мен Ережелерде жазылған терминдер, анықтамалар мен қысқарған сөздер пайдаланылады.

II. Бағдарламаны ұсыну ережелері

2. Оңалту рәсімі Қарыз алушыға Kaspi-мен жасалған Кредит шарттарының, соның ішінде берешекті толық мерзімінен бұрын қайтару туралы талап қойылған Кредит шарттарының аясында туындаған берешекті және Ережелердің және (немесе) Kaspi клубы ережесінің және (немесе) www.kaspi.kz-те орналастырылған кешенді банктік қызмет көрсету шарттарының (КБҚКШ) аясындағы өзге берешектерді қайтару бойынша барлық міндеттемелерді өз бетінше және белгіленген мерзімде орындауға мүмкіндік беру мақсатында қолданылады. Kaspi клубы ережесінің және (немесе) КБҚКШ-ның аясында берешек және (немесе) Kaspi-дің өндіріп алу бойынша шығыны болған кезде, Kaspi оны өтеу үшін Kaspi-дің ішкі транзиттік шотында көрсету арқылы Кредит шартының аясында банк қарызын (овердрафт) береді.

3. Оңалту Кредит(тер) және (немесе) Кредит шарты және (немесе) берілген овердрафт бойынша талаптарды өзгерту арқылы, соның ішінде қазіргі берешегін немесе оның бір бөлігін біріктіру арқылы және (немесе) Қарыз алушыға Кредит шартының және (немесе) Kaspi клубы ережесінің және/немесе КБҚКШ-ның аясында берешекті, берешекті өндіріп алу бойынша Kaspi-дің шығынын өтеу үшін Kaspi-дің ішкі транзиттік шотында көрсету арқылы банк қарызын (овердрафт) беру және Ережелердің аясында берешекті өтеу үшін жаңа төлем кестесін (жеке

Программа Реабилитации Кредитов Kaspi

I. Общие положения

1. Программа Реабилитации Кредитов Kaspi (далее – Программа) разработана для Заемщиков, имеющих кредиты, по которым приостановлено начисление вознаграждения в связи с просроченной свыше 90 (девяноста) календарных дней задолженностью по начисленному вознаграждению (Переплате) и (или) основному долгу, и (или) нарушившими ранее предоставленный план реабилитации, и (или) в АБИС имеется признак «Дата передачи в Хард» (далее – Кредиты), предоставленные Kaspi по договорам о предоставлении кредитов и (или) кредитных линий (далее – Кредитные договоры), заключенным в рамках примерных (стандартных) условий, в т.ч. стандартных условий предоставления предпринимателям кредитных линий Kaspi, размещенных в печати, и (или) договоров присоединения по обслуживанию карты Kaspi Red, размещенных в сети Интернет по адресу: www.kaspibank.kz или www.kaspi.kz (далее – Условия). Для целей Программы используются термины, определения и сокращения, изложенные в Программе и Условиях, если иное прямо не следует из контекста.

II. Правила предоставления Программы

2. Процедура реабилитации применяется в целях предоставления Заемщику возможности самостоятельно и в установленный срок исполнять все обязательства по возврату задолженности, возникшей в рамках заключенных с Kaspi Кредитных договоров, в т.ч. по которым предъявлено требование о полном досрочном возврате задолженности, и иной задолженности в рамках Условий и (или) Правил Клуба Kaspi и (или) договоров комплексного банковского обслуживания, размещенных на www.kaspi.kz (ДКБО). При наличии задолженности в рамках Правил Клуба Kaspi и (или) ДКБО и (или) расходов Kaspi по взысканию, для ее погашения Kaspi предоставляет в рамках Кредитного договора банковский заем (овердрафт) путем его отражения на внутреннем транзитном счете Kaspi.

3. Реабилитация осуществляется путем изменения условий по Кредиту(-ам) и (или) Кредитному договору и (или) выданному овердрафту, в т.ч. объединения имеющейся задолженности или ее части, и (или) предоставления Заемщику банковского займа (овердрафта) путем его отражения на внутреннем транзитном счете Kaspi для погашения задолженности в рамках Кредитного договора, и (или) Правил Клуба Kaspi и/или ДКБО, расходов Kaspi по взысканию задолженности, и предоставления нового

кестені) (бұдан әрі – Оңтайлы кредит) беру арқылы жүзеге асырылады.

4. Kaspi Оңтайлы кредит бойынша комиссия, сыйақы немесе өзге де төлем алмайды.
5. Kaspi-ге Кредиті бар Қарыз алушы өтініш берген жағдайда, оңалту рәсімін жүргізу үшін Kaspi өтінішті күнтізбелік 15 күннің ішінде қарастырады. Оң шешім қабылданған жағдайда, Kaspi Қарыз алушыға ұсынылатын оңалту жоспарын жолдайды. Kaspi Қарыз алушыға оның өтінішін алмай-ақ, соның ішінде Қарыз алушы бұрын ұсынылған оңалту жоспарын бұзған жағдайда, оңалту жоспарын ұсынуға құқылы.

6. Ұсынылатын оңалту жоспары (бұдан әрі – Оңтайлы кредиттің талаптары) жеке кестені қамтиды және Kaspi оны Қарыз алушының тіркелген Мобильді нөміріне SMS-хабарлама арқылы және (немесе) Мобильді қосымша арқылы және (немесе) Kaspi ұсынған және Қарыз алушыға хабарланған өзге тәсілмен жолдайды.
7. Қарыз алушы Оңтайлы кредиттің талаптарымен келіскен жағдайда, Оңалту рәсімі жүргізіледі.
8. Қарыз алушының Оңтайлы кредиттің талаптарымен келіскені (бұдан әрі – Келісім) Қарыз алушы тіркелген Мобильді нөмірге алған Оңтайлы кредит талаптары ұсынылған, Kaspi-дің SMS-хабарламасына Қарыз алушының жауап (кез келген мәтінмен немесе бос) жіберуі және (немесе) төлемді немесе бірнеше төлемдерді жасау арқылы (Kaspi ұсынған Оңтайлы кредит талаптары сай) және (немесе) Мобильді қосымшада Қарыз алушының келісімін растайтын әрекеттерді жасау арқылы және (немесе) Kaspi ұсынған және Қарыз алушының назарына жеткізілген өзге де тәсілдермен білдірілуі мүмкін.
9. Келісім берілгеннен кейін Оңтайлы кредиттің талаптары Мобильді қосымшада да қолжетімді болады.
10. Kasp-дің балансындағы жүргізілген өзгерістерді көрсету фактісін растайтын бухгалтерлік жазбалар орындалған сәт (Kaspi-дің ішкі транзиттік шоттарын пайдалануға жол беріледі), соның ішінде жаңа қарыз (овердрафт) және (немесе) Оңтайлы кредиттің талаптарын берген және (немесе) Қарыз алушының берешегін, соның ішінде Кредит шарты бойынша және (немесе) оған байланысты өтеуге ақша жіберген сәт Оңалту рәсімінің басталғаны болып саналады.
11. Келісім білдірілген сәттен бастап Kaspi Оңтайлы кредиттің (оңалту жоспарының) талаптарын Қарыз алушы тиісінше орындаған кезеңде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңның 62-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген шараларды (бұдан әрі – **Шара**) жүзеге асырмайды (шаралардың жүзеге асырылуын тоқтата тұрады). Қарыз алушы Оңтайлы кредиттің (оңалту жоспарының) талаптарын бұзған жағдайда, Kaspi Оңтайлы кредит бойынша берешекке қатысты Шараларды дереу қолдануға/қайта бастауға немесе жаңа оңалту жоспарын ұсынуға құқылы.
12. Ай сайынғы төлемді төлеу мерзімі 1 жұмыс күнінен артық өткізілген кезде, Оңтайлы

расписания платежей (индивидуального графика) для погашения задолженности в рамках Условий (далее – Оптимальный кредит).
4. Kaspi не взымает комиссии, вознаграждение или иные платы по Оптимальному кредиту.
5. В случае обращения в Kaspi Заемщика, имеющего Кредит, для проведения процедуры реабилитации, Kaspi в течение 15 календарных дней рассматривает обращение. При положительном решении Kaspi направляет Заемщику предлагаемый план реабилитации. Kaspi вправе предложить Заемщику план реабилитации без получения заявления от него, в т.ч. в случае нарушения Заемщиком ранее предоставленного плана реабилитации.
6. Предлагаемый план реабилитации (далее – условия Оптимального кредита) содержит индивидуальный график и направляется Kaspi посредством SMS-сообщения на зарегистрированный Мобильный номер Заемщика и (или) посредством Мобильного приложения и (или) иным способом, предложенным Kaspi и сообщенным Заемщику.
7. Процедура реабилитации осуществляется в случае согласия Заемщика с условиями Оптимального кредита.
8. Согласие Заемщика с условиями Оптимального кредита (далее – Согласие) может быть выражено путем отправки Заемщиком ответа (с любым текстом или пустого) на SMS-сообщение Kaspi с предложением условий Оптимального кредита, полученное Заемщиком на зарегистрированный Мобильный номер, и (или) внесения платежа или нескольких платежей (согласно предложенным Kaspi условиям Оптимального кредита), и (или) осуществления в Мобильном приложении действий, подтверждающих согласие Заемщика и (или) иными способами, предложенными Kaspi, и доведенными до сведения Заемщика.
9. После предоставления Согласия условия Оптимального кредита становятся доступны также в Мобильном приложении.
10. Началом процедуры реабилитации считается момент выполнения бухгалтерских записей в балансе Kaspi (допускается использование внутренних транзитных счетов Kaspi), подтверждающих факт отражения произведенных изменений, в т.ч. выдачи нового займа (овердрафта) и (или) условий Оптимального кредита и (или) направления денег в погашения задолженности Заемщика, в т.ч. по Кредитному договору и (или) связанной с ним.
11. С момента выражения Согласия Kaspi не осуществляет меры (приостанавливает осуществление мер), предусмотренные (предусмотренных) пунктами 2 и 3 статьи 62 Закона о банках и банковской деятельности в Республике Казахстан (далее – **Меры**) на период надлежащего исполнения Заемщиком условий Оптимального кредита (плана реабилитации). Kaspi вправе незамедлительно принять/возобновить Меры в отношении задолженности по Оптимальному кредиту в случае нарушения Заемщиком условий Оптимального кредита (плана реабилитации) или предложить новый план реабилитации.
12. Условия Оптимального кредита (плана реабилитации) считаются нарушенными при

кредиттің (оңалту жоспарының) талаптары бұзылған болып саналады.
13. Қарыз алушы Оңтайлы кредиттің талаптарында көзделген төлем мерзімін күнтізбелік 40 күннен астам уақытқа өткізген жағдайда, Kaspi Қарыз алушыдан Оңтайлы кредит бойынша бүкіл берешекті күнтізбелік 10 күннің ішінде мерзімінен бұрын толық өтеуді талап етуге құқылы.
14. Қарыз алушы Оңтайлы кредитті комиссиясыз және айыппұлсыз кез келген уақытта мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеуге құқылы.

III. Бағдарламаны ұсыну аясындағы шектеулер

15. Оңтайлы кредит бойынша ай сайынғы төлемнің ең аз сомасы 5000 теңгеден кем болмауы керек. Оңтайлы кредиттің талаптары Қарыз алушының деректері (берешек сомасы және/немесе Қарыз алушының төлем жасау тарихы және/немесе басқа параметрлер) ескеріліп, бағдарламалық қамсыздандыру пайдаланылып, автоматты түрде айқындалады.
16. Kaspi Оңтайлы кредит бойынша ұсынған ай сайынғы төлемнің мөлшері Оңтайлы кредиттің мерзімінің қысқаруымен және Бағдарламаның 8-тармағына сай білдірілетін Қарыз алушының келісімімен ай сайынғы төлем санының азаюымен шамалас ұлғайтылуы мүмкін.
17. Қарыз алушы үш жылда бір рет оңалту рәсімін жүргізу туралы өтініш беруге құқылы.

IV. Қорытынды ережелер

18. Қарыз алушы Келісім беру арқылы Бағдарламамен танысқанын растайды, Бағдарламада көзделген жағдайларда овердрафт берумен, Ережелер мен олардың аясында жасалған шарттардың Бағдарламаның ережелері ескеріліп өзгертілетінімен және қолданылатынымен келіседі, бұл ретте Бағдарлама Ережелер мен олардың аясында жасалған шарттардың ажырамас бөлігі болады.
19. Kaspi клубы ережелерінің аясында берешекті өтеуге банк қарызы (овердрафт) берілген кезде, ақша Қарыз алушының Ережелердің аясында берген нұсқауына сай өтеуге жіберіледі.

20. Қарыз алушының бір мезгілде бірнеше Кредит шарттары болған кезде Kaspi Кредит шартын дербес айқындайды, оның аясында Оңтайлы кредит беріледі.

21. Оңалту күнінен бастап Қарыз алушы Ережелердің аясында жасасқан, ол бойынша берешегі жоқ, соның ішінде Оңтайлы кредиттің есебінен өтелген Кредит шартының қолданысы тоқтатылады. Оңтайлы кредит бойынша берешек толық өтелген сәттен бастап Кредит шарты мен соның аясында Оңтайлы кредиттің талаптары берілген Ережелердің қолданысы тоқтатылады.
22. Бағдарламада реттелмеген бөлігінде Қарыз алушы мен Kaspi-дің арасындағы қатынастар Ережелермен және/немесе Кредит шарттарымен реттеледі.

просрочке уплаты ежемесячного платежа более чем на 1 рабочий день.
13. В случае нарушения Заемщиком срока платежа, предусмотренного условиями Оптимального кредита, более чем на 40 календарных дней, Kaspi вправе потребовать от Заемщика в течение 10 календарных дней полностью досрочно погасить всю задолженность по Оптимальному кредиту.
14. Заемщик вправе погасить Оптимальный кредит досрочно (полностью или частично) без комиссий и штрафов в любое время.

III. Ограничения в рамках предоставления Программы

15. Минимальная сумма ежемесячного платежа по Оптимальному кредиту не может быть менее 5000 тенге. Условия Оптимального кредита определяются автоматически с использованием программного обеспечения с учетом данных Заемщика (суммы задолженности и/или истории внесения платежей Заемщиком и/или других параметров).
16. Предложенный Kaspi размер ежемесячного платежа по Оптимальному кредиту может быть увеличен с соразмерным сокращением срока Оптимального кредита и снижением количества ежемесячных платежей, с согласия Заемщика, выражаемого согласно пункту 8 Программы.
17. Заемщик вправе обратиться с заявлением о проведении процедуры реабилитации однократно в течение трех лет.

IV. Заключительные положения

18. Предоставлением Согласия Заемщик подтверждает, что ознакомился с Программой, согласен с предоставлением овердрафта в случаях, предусмотренных Программой, что Условия и договоры, заключенные в рамках Условий, изменяются и применяются с учетом положений Программы, при этом Программа становится неотъемлемой частью Условий и договоров, заключенных в рамках Условий.
19. При выдаче банковского займа (овердрафта) на погашение задолженности в рамках Правил Клуба Kaspi, деньги направляются в погашение согласно указанию, предоставленному Заемщиком в рамках Условий.
20. При наличии у Заемщика одновременно нескольких Кредитных договоров, Kaspi самостоятельно определяет Кредитный договор, в рамках которого предоставляется Оптимальный кредит.
21. С даты реабилитации прекращают действие Кредитные договоры, заключенные Заемщиком в рамках Условий, по которым задолженность отсутствует, в т.ч. была погашена за счет Оптимального кредита. Кредитный договор и Условия, в рамках которых предоставлены условия Оптимального кредита, прекращают свое действие с момента полного погашения задолженности по Оптимальному кредиту.
22. В части, не урегулированной Программой, отношения между Заемщиком и Kaspi регулируются Условиями и/или Кредитными договорами.

***